

Үшінші елдерге қатысты кедендік әкету баждары туралы келісімге қол қою туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 23 қаңтардағы N 44 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. Қоса беріліп отырған Үшінші елдерге қатысты кедендік әкету баждары туралы келісімнің жобасы мақұлданысын.
2. Үшінші елдерге қатысты кедендік әкету баждары туралы келісімге қол қойылсын.
3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Ү к і м е т і н і ң
2 0 0 8 ж ы л ғ ы 2 3 қ а ң т а р д а ғ ы
N 4 4 қ а у л ы с ы м е н
мақұлданған
Жоба

Үшінші елдерге қатысты кедендік әкету баждары туралы келісім

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Беларусь Республикасының Үкіметі, Қазақстан Республикасының Үкіметі және Ресей Федерациясының Үкіметі, мына төмендегілер туралы келісті:

1-бап

1. Әрбір Тарап оларға қатысты осы баждардың ставкаларын көрсете отырып, кедендік әкету баждарын қолдану көзделген Тарап мемлекетінің заңнамасында осы Келісімнің күшіне енуі күніне осы Келісімнің қатысушылары болып табылмайтын мемлекеттерге (бұдан әрі - үшінші елдер) жеткізілетін тауарлар тізбесін (бұдан әрі - тауарлар тізбесі) қалыптастырады және осы Келісім күшіне енген күнінен бастап 30 күнтізбелік күн ішінде оны 2007 жылғы 6 қазандағы Кеден одағының комиссиясы туралы шартқа сәйкес құрылған Кеден одағының комиссиясына (бұдан әрі - Комиссия) ж і б е р е д і .

2. Комиссия осы Келісім күшіне енген күнінен бастап 60 күнтізбелік күн ішінде оларға қатысты Тараптар мемлекеттерінің заңнамасында осы баждардың ставкаларын

көрсете отырып, кедендік әкету баждарын қолдану көзделген үшінші елдерге жеткізілетін Тауарлардың жиынтық тізбесін (бұдан әрі - тауарлардың жиынтық тізбесі) қалыптастырады және оны Тараптарға жібереді.

2-бап

Тараптар кедендік әкету баждарының тізбелері мен ставкаларын біріздендіруге ұ м т ы л а д ы .

Тараптар жеке келісіммен Тараптар айқындайтын жағдайларды қоспағанда, тауарлардың тізбесін бір жақты тәртіппен кеңейтпейді.

3-бап

Егер, осы тауарға қатысты кедендік әкету баждарын қолданатын бір Тарап мемлекетінің аумағында өндірілген тауар осы тауарға қатысты кедендік әкету баждарын қолданбайтын не кедендік әкету баждарының аз ставкаларын қолданатын екінші Тарап мемлекетінің аумағынан үшінші елге жеткізілсе, осы екінші Тарап, аумағында тауар өндірілген және тауарлардың жиынтық тізбесінде көрсетілген Тарап мемлекетіндегі қолданыстағы ставкалар бойынша кедендік әкету баждарын өндіріп алуды қамтамасыз етуге міндетті.

4-бап

Тараптардың бірі Тараптармен келісім бойынша немесе осы Келісімнің 2-бабына сәйкес жасалған келісім негізінде тауарлардың тізбесіне немесе кедендік әкету баждарының ставкаларына өзгерістер енгізген жағдайда, онда бұл Тарап жоспарланатын және енгізілген өзгерістер туралы Комиссияны хабардар етеді.

Комиссия тауарлардың жиынтық тізбесін түзетуді жүзеге асырады және Тараптарға оған тиісті өзгерістер енгізу туралы хабарлайды.

5-бап

Осы Келісімнің ережелерін түсіндіруге және/немесе қолдануға байланысты Тараптар арасындағы даулар мүдделі Тараптардың консультациялары мен келіссөздері жолымен шешіледі, ал келісімге келмеген жағдайда дау Еуразия экономикалық қоғамдастығының сотына қарауға беріледі.

6-бап

Тараптардың өзара келісімі бойынша осы Келісімге жекелеген хаттамалармен ресімделетін өзгерістер енгізілуі мүмкін.

7-бап

Осы Келісімнің күшіне ену, оған қосылу және одан шығу тәртібі 2007 жылғы 6 қазандағы Кеден одағының шарттық-құқықтық базасын қалыптастыруға, одан шығуға және оған қосылуға бағытталған халықаралық шарттардың күшіне ену тәртібі туралы х а т т а м а м е н а й қ ы н д а л а д ы .

2008 жылғы " __ " _____ қаласында орыс тілінде бір түпнұсқа данада ж а с а л д ы .

Осы Келісімнің түпнұсқа данасы, оның депозитарийі болып табылатын және әрбір Тарапқа оның куәландырылған көшірмесін жіберетін Еуразия экономикалық қоғамдастығының Интеграциялық комитетінде сақталады.

<i>Беларусь</i>	<i>Қазақстан</i>	<i>Ресей</i>
<i>Республикасының</i>	<i>Республикасының</i>	<i>Федерациясының</i>
<i>Үкіметі үшін</i>	<i>Үкіметі үшін</i>	<i>Үкіметі үшін</i>